- Ультра күлгінді жарықдиодты шамдарына тесіліп ұзақ қарауға болмайды.
- Ультра күлгін сәулелер салдарынан көзге зақым келуі мүмкін.



АБАЙЛАНЫЗ

ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



- Бұйымның жақсы жұмыс істеуіне мүмкіндік беру үшін,
- Құрылғының артындағы жел кіретін тесіктердің алдына тағамдарды тым жақын қоймаңыз, себебі тоңазытқыш бөлімінде

ауаның еркін айналуына кедергі болуы мүмкін.

- Тоңазытқышқа тағам салмас бұрын оны жақсылап ораңыз немесе ауа кірмейтін ыдыстарға салыңыз.
- мұздату үшін жаңа салынған тағамды бұрын қойылған тағамның жанына қоймаңыз.
- Стакан, бөтелке немесе газдалған сусындарды мұздатқышына қоймаңыз.
- Ыдыс қатып, сынып кетсе, жарақаттану қаупі туындайды.
- Мұздатылған тағамдардың ең ұзақ сақтау уақытын және жарамдылық мерзімдерін көріп алыңыз.
- Егер үш аптадан аз уақыт үйде болмасаңыз, тоңазытқышты қуат көзу ажырату қажеттілігі жоқ. Бірақ, үш апта немесе одан ұзағырақ уақыт үйде болмасаңыз, тамақты алып тастаңыз.
Тоңазытқышты өшіріңіз және тазалап, шайып, құрғатыңыз.
- Газдалған немесе көпіршіме сусындарды мұздатқышқа қоймаңыз. Бөтелкелер немесе әйнек ыдыстарды мұздатқышқа қоймаңыз.
- Ішіндегісі қатқанда, шыны сынып, адамды жарақаттауы немесе мүлікті бүлдіруі мүмкін.

- Тоңазытқыштың функцияларын ауыстырмаңыз немесе өзгертіңіз.
- Өзгертулер мен жаңартулар жарақаттануға және/немесе мүліктің бүлінуіне себеп болды. Бұл құрылғыда 3-ші тарап жасаған өзгертулерге Samsung кепіл бермейді және 3-ші тарап өзгертулерінің салдарынан болған ақаулықтарға және зақымдарға Samsung компаниясы жауап бермейді.
- Ауа тесіктерін жаппаңыз.
- Егер ауа тесіктері, әсіресе, пластикалық пакетпен жабылып қалса, тоңазытқыш салқындамауы мүмкін.
- Тоңазытқышпен бірге жабдықталған мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз.
- Ішінен артық ылғалды сүртіп, есіктерін ашып қойыңыз.
- Әйтпесе, жағымсыз иіс пен өңез көбейіп кетуі мүмкін.
- Егер тоңазытқыш суланса, қуат көзінен ажыратып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



ТАЗАЛАУҒА ЖӘНЕ ЖӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- ★ • Тазалағыш заттарды дисплейге тікелей шашпаңыз.
- Дисплейдегі әріптер өшіп қалуы мүмкін.
- Егер құралға су сияқты бөтен зат енсе, қуат көзінен ажыратып, бірден қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Оны орындамау салдарынан электр тогының соғуы немесе адамның жарақаттануы мүмкін.
- Қуат айыры мен контакт нүктелерінен құрғақ матаны пайдаланып, шаң немесе су сияқты бөтен заттарды жиі сүртіп алып тұрыңыз.
- Қуат айырын ажыратып алып, құрғақ матамен сүртіп алыңыз.
- Оны орындамау салдарынан электр тогының соғуы немесе адамның жарақаттануы мүмкін.
- Құрылғыны тазалағанда оған тікелей су шашуға болмайды.
- Тазалау үшін бензин, еріткіш немесе Clorox, Chloride өнімдерін пайдалануға болмайды.
- Олар жабдықтың бетіне зақым келтіріп, өрт қаупін тудыруы мүмкін.

- Ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды диспенсер тесігіне қоймаңыз.
- Жарақат алуға немесе материалдық шығынға себеп болуы мүмкін.



- Тазалар алдында немесе жөндер алдында құрылғыны қабырғадағы қуат көзінен ажыратыңыз.
- Оны орындамау салдарынан электр тогының соғуы немесе адамның жарақаттануы мүмкін.



ҚОҚЫСҚА ТАСТАУҒА АРНАЛҒАН КҮРДЕЛІ ЕСКЕРТУ ШАРАЛАРЫ

- Балалардың ішіне кіре алмауы үшін сөрелерін қалдырыңыз.
- Құрылғының артындағы түтіктердің ешқайсысының қоқысқа тастағанға дейін зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- R-600a немесе R-134a мұздатқыш ретінде қолданылады. Тоңазытқышқа пайдаланылған салқындатқыш құралды көру үшін құрылғының артындағы компрессор жапсырмасын немесе тоңазытқыштың ішкі жағындағы сипаттамалық тақтаны қараңыз.

Егер өнім құрамында тұтанғыш газ болса (R-600a мұздатқышы), бұл өнімді қауіпсіз тастау үшін жергілікті жауапты мекемеге хабарласыңыз. Ажыратқыш газ ретінде ретінде циклопентан қолданылған.

Ажыратқыш материалдағы газдарды тастау ерекше қадамдары талап етеді.


Бұл өнімді қоршаған ортаға зақым келтірмейтін жолмен тастау үшін, жергілікті жауапты мекемеге хабарласыңыз.

Құрылғының артындағы түтіктердің ешқайсысының қоқысқа тастағанға дейін зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Түтіктер ашық жерінен сынып кетеді.

- Бұл бұйымды немесе басқа тоңазытқыштарды қоқысқа тастағанда, есігін, есік тығыздағышын, есік топсасын алып тастаңыз, осылайша кішкентай балалар немесе жануарларды ішінде қамалып қалудан сақтаңыз. Балаларға құрылғымен ойнауға болмайтыны қатаң ескертіліп, қадағалануы керек.
- Егер ішіне қамалып қалса, баланың жарақаттануы немесе тұншығып қалуы мүмкін.

- Бұл өнімнің орам материалын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін жолмен тастаңыз.
- Орам материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз, орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.
- Егер бала пакетті басына киіп алса, тұншығып қалуы мүмкін.

ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР

- Электр ақаулығы орын алған жағдайда жергілікті қуатпен қамтамасыз етуші компанияға хабарласып, қанша уақытқа созылатынын сұраңыз.
- Бір немесе екі сағат ішінде жөнделген қуат үзілісі тоңазытқыштың температурасына қатты әсер етпейді. Бірақ, қуат көзі оралғанша тоңазытқыштың есігін аса көп аша бермеген дұрыс.
- Қуат көзінің үзілісі 24 сағаттан асатын жағдайда, барлық мұздатылған тағамды шығарыңыз.
- Егер тоңазытқышпен бірге кілттер берілсе, кілттерді балалардың қолы жетпейтін жерде және құрылғыдан алыс жерде ұстау керек.
- Тоңазытқыш ең төменгі температурада ұзақ уақыт тұрса, тұрақты жұмыс істемеуі мүмкін (тоңазытқыштағы қатырылған тағамдардың еруі және мұздатылған тағамның тым жылынып кетуінен).
- Банан, қауын сияқты төмен температурада тез бұзылатын тағамды сақтамаңыз.
- Құрылғы оңай ериді, бұл құрылғыңызды қолмен ерітудің қажеті жоқ, себебі ол автоматты түрде орындалады.
- Еріту кезінде көтерілген температура ISO талаптарына сай болуы мүмкін. Бірақ, құрылғыны еріту кезінде еріген тағам температурасының шамадан тыс көтерілуіне жол бергіңіз келмесе, мұздатылған тағамды бірнеше қабат газетпен ораңыз.
- Еріту кезіндегі мұздатылған тағам температурасының көтерілуі оны пайдалану мерзімін қысқартуы мүмкін.
- Тольғымен еріген тағамды қайта мұздатпаңыз.
- Екі жұлдызды () бөлік(тер) дің немесе камера(лар)дың температурасы мұздатылған басқа бөлік(тер)іне қарағанда сәл жоғарырақ.

Екі жұлдызды бөлік(тер) дің немесе камера(лар)дың орналасатын орындары үлгі түріне байланысты, сондықтан жеткізілген кездегі нұсқауларға және/немесе жағдайларға қараңыз.

Қуат үнемдеу кеңестері

- Құрылғыны салқын, құрғақ, желдеткіші дұрыс бөлмеге орнатыңыз. Тікелей күн көзінің түспеуін қадағалаңыз және ашық жылу көздеріне жақын жерге қоймаңыз (радиатор, мысалы).
- Құрылғының тесіктерін немесе торларын жаппаңыз.
- Жылы тағамды құрылғыға салмас бұрын салқындатып алыңыз.
- Қатырылған тағамды жібіту үшін тоңазытқыш бөліміне қойыңыз. Қатырылған тағамның төмен температурасын тоғазытқыштағы тағамды салқындатуға қолдануға болады.
- Тағамды алғанда немесе салғанда тоңазытқыштың есігін ұзақ ашық ұстамаңыз. Есікті азырақ ашсаңыз, мұздатқыштағы мұз мөлшері де аз болады.
- Орнатқанда жоғарғы, артқы жағынан, сол және оң жағынан бас орын қалдырыңыз.

Бұл қуат үнемдеуге және қуат төлемін азайтуға үлесін қосады.

- Қуатты барынша үнемдеу үшін, барлық ішкі құралдарын, шелектер, тартпалар, сөрелер сияқты, өндіруші жабдықтаған орындарына қойыңыз.

Бұл құрылғы үйде және сол сияқты, дүкендердегі қызметкерлерге арналған ас бөлмелерде,

- кеңселерде және басқа жұмыс орындарында пайдалануға арналған;
- ферма үйлерінде, қонақ үйдің қонақтары және басқа тұрғында жерлерде;
- төсек және таңғы аспен жабдықтайтын жерлерде;
- қоғамдық тағам орындарында және сол сияқты бөлшек сауда жасамайтын жерлерде.

МАЗМҰНЫ

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ	16
ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ҚОЛДАНУ	19
ЕСІКТІҢ ОРНЫН АУЫСТЫРУ (ҚОСЫМША)	25
АҚАУЛЫҚТАРЫН ЖОЮ	31

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУҒА ДАЙЫНДАУ

Samsung тоңазытқышын сатып алуыңызбен құтықтаймыз.

Бұл құрылғы ұсынатын көптеген жаңа мүмкіндіктер мен тиімділіктерінің қызығын көретініңізге сенімдіміз.

- Бұл тоңазытқыш пайдаланылғанға дейін нұсқаулыққа сәйкес дұрыс орнатылуы және орналастырылуы керек.
- Осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай, бұл құрылғыны тек арналған мақсатына пайдаланыңыз.
- Барлық жөндеулерді мамандардың орындағаны дұрыс.
- Бұл өнімнің орам материалын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін жолмен тастаңыз.



ЕСКЕРТУ



- Тоңазытқыштың ішкі шамдарын ауыстыру үшін қуат көзінен ажыратыңыз.


- Олай жасамасаңыз, ток соғу қаупі бар.

Тоңазытқышқа ең ыңғайлы орын таңдау

- Күн сәулесі тікелей түспейтін орынды таңдаңыз.
- Еден беті тегіс (немесе тегістеу) жерді таңдаңыз.
- Тоңазытқыш есіктерінің оңай ашылуына жеткілікті орны бар орынды таңдаңыз.
- Жазық жерге жеткілікті орынға орнатыңыз.

- Тоңазытқыш жеткілікті бос орынға қойылмаса, ішкі салқындату жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қолданылғанда жалпы кеңістік қажет болады. Төменде берілген өлшемдері мен суреттерін қараңыз.





- Жұмысы жақсырақ болу үшін, төсемнің қағазын алып, тоңазытқыштың артқы жағына төсемді (сұр блок) жапсырыңыз. Тоңазытқышты орнатқанда төсемнің төмендегі суреттегідей жапсырылуын қадағалаңыз. Бұл тоңазытқыштың жұмысын жақсартады. (RB31F***B, RB29F***B, RB37J***9** үлгілері үшін ғана)



- Орнатқанда жоғарғы, артқы жағынан, сол және оң жағынан желдетуге жеткілікті бос орын қалдырыңыз. Бұл қуат үнемдеуге және қуат төлемін азайтуға үлесін қосады.

- Тоңазытқышты температурасы 10 °C градустан төмен жерге орнатуға болмайды.
- Техникалық қызмет немесе қызмет көрсету жағдайында құралдың еркін жылжуына көз жеткізіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Орнатқанда, жөндегенде немесе тазалағанда, құрылғыны орнынан түзу тартып шығарып, түзу итеріп орнына қойыңыз. Сондай-ақ, еден толық салмақты тоңазытқышты көтере алатынын тексеріңіз. Әйтпегенде, еден бүлінуі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ


Қуат сымның артығын тоңазытқыштың артына қарай жоғары жинап қойыңыз, орнынан қозғағанда жаншылып қалмасын.

ЕДЕНГЕ ОРНАЛАСТЫРУ


Тоңазытқыш дұрыс орналасу үшін тегіс және еденнің қалған жерімен биіктігі бірдей, қатты материалдан жасалған беткейге қою керек. Беткейі іші толтырылған тоңазытқышты көтере алатын болуы керек (немесе шамамен 65 kg). Еденнің жылтыр бетін қорғау үшін картон қағаздың үлкен бөлігін кесіп алып, тоңазытқыштың астына қойыңыз.



- Тоңазытқышты тарту немесе итеру еденді бүлдіруі мүмкін. Орнатылған тоңазытқышты орнынан қозғау еденді бүлдіруі мүмкін.



- Тоңазытқышты орнынан жылжитқан кезде Қуат СЫМЫН артқы жақтағы бекіткішпен бекітіп қою керек.



ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТЕҢЕСТІРУ


Егер құрылғының алдыңғы жағы артқы жағынан кішкене жоғары болса, есікті оңайырақ ашып жабуға болады.

1-жағдай) Құрылғы солға қарай төмен еңкейіп тұр.

Реттелетін аяғын жебе бағытымен құрылғы теңделгенше солға қарай бұрыңыз.

2-жағдай) Құрылғы оңға қарай төмен еңкейіп тұр.

Реттелетін аяғын жебе бағытымен құрылғы теңделгенше оңға қарай бұрыңыз.



ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ

Тоңазытқышты орналастырып алған соң, құрылғыны іске қосып, барлық ерекшеліктерінің қызығын көруіңізге болады.

Келесі қадамдарды аяқтаған соң, тоңазытқыш толығымен жұмыс істеуі қажет.

Егер олай болмаса, алдымен қуат көзін тексеріңіз, одан кейін осы қолданушы нұсқаулығының ақаулықтар бөлімін қараңыз.

Егер ақаулық шешілмесе, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

1. Тоңазытқышты дұрыс жерге және қабырғадан қашығырақ қойыңыз. Осы нұсқаулықтың орнату нұсқауларын қараңыз.
2. Тоңазытқышты пайдалану алдында төмендегі суретте көрсетілген сөре бұрыштарының қақпақтарын алыңыз. (Қақпақтар тоңазытқышты қауіпсіз тасымалдау үшін қолданылған).




3. Тоңазытқышты қуат көзіне жалғаған соң, есігін ашқанда, ішкі шамдарының жануын қадағалаңыз.
4. Температураны ең суық деңгейге қойып, бір сағат күтіңіз. Мұздатқыш аздап тоңазып, моторы бір қалыпты жүруі тиіс.
5. Тоңазытқыш қосылған соң, қажетті температураға жеткенше бірнеше сағат уақыт қажет болады. Тоңазытқыштың температурасы қажетті деңгейде суығанда, тағам және сусындарды қоюыңызға болады.



Тоңазытқышты қосқан соң, дыбыс белгісі беріледі. Freeze (мұздату) немесе Fridge (тоңазыту) түймесін басыңыз. (Суықтығын таңдау аймағы бар үлгілер үшін ғана) 19-беттегі “Басқару панелін қолдану” бөлімін қараңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ҚОЛДАНУ

БАСҚАРУ ПАНЕЛІН ПАЙДАЛАНУ




Түйме басылғаннан кейін қысқа дыбыс естіледі.



Ешқандай түйме басылмағанда мұздатқыштың жарық диодтың шамы, тоңазытқыш және суықтығын таңдау аймағы қуат үнемдеу мақсатында өшіріледі. Бірақ тоңазытқыштың қосу шамы мен демалыс функциялары осы қызметтер таңдалғанда ғана қосылады. (RB31F***B, RB29F***B үлгілері үшін ғана)

1 Мұздатқыш

Мұздатқыш түймесін басып, 15 °C және -23 °C градус аралығындағы қажетті температураға қойыңыз. Әдепкі температура -19 °C градусқа реттелген және мұздатқыш түймесін басқан сайын, температура берілген ретімен өзгеріп отырады, көрсеткіш таңдалған температураны көрсетеді.



Қатты мұздату функциясын іске қосу үшін осы түймені басыңыз.

Қатты мұздату көрсеткіші (❄️) жанады және тоңазытқыш мұздатқыштағы өнімдерді мұздату уақытын жеделдетеді.

Бұл функция 50 сағатқа іске қосылады және мұздатқыш көрсеткішінің дисплейі өзгермейді.

Бұл функция автоматты түрде өшеді.

Қатты мұздату процесі аяқталған кезде қатты мұздату функциясы өшіп, мұздатқыш алдыңғы температура параметріне оралады.

Бұл функцияны пайдаланған кезде қуат тұтыну артады.

Қажет болмаған кезде, оны өшіріп, мұздатқышқа бастапқы температура параметріне қайта қоюды ұмытпаңыз.


Бұл функцияны өшіру үшін мұздатқыш түймесін 3 секунд басыңыз.

Егер мұздатқышта азық-түлікті көп мөлшерде мұздатқыңыз келсе, қатты мұздату функциясын 20 сағат бұрын іске қосыңыз.


2 Тоңазыту

Тоңазытқыш түймесін басып, 1-7 °C аралығындағы өзіңізге қажетті температураға қойыңыз.

Әдепкі температура 3 °C градусқа реттелген және Fridge (тоңазыту) түймесін басқан сайын, температура берілген ретімен өзгеріп отырады, көрсеткіш таңдалған температураны көрсетеді.



Демалыс функциясын іске қосу үшін түймені 3 секунд басып тұрыңыз.

Демалыс көрсеткіші () жанады және сіз ұзақ демалысқа не іс-сапарға шығатын жағдайда немесе тоңазытқышты пайдалану қажеттігі болмаған кезде тоңазытқыш температураны 17 °C мәніне орнатады.

Демалыс функциясы іске қосулы болғанда мұздатқыш бөліктері қосулы сақталады.



Демалыс функциясы қосулы болғанда тоңазытқыш температурасы реттелген жағдайда демалыс функциясы автоматты түрде өшеді.

Демалыс функциясын пайдалану алдында тоңазытқыштағы тамақтың алып тасталғанына көз жеткізіңіз.



Демалыс функциясы қосылып тұрғанда, суықтығын таңдау аймағы жұмыс істемейді. Демалыс функциясы өшірілгенде, суықтығын таңдау аймағы қосылады.

3 Салқын таңдау аймағы


Суықтығын таңдау аймағын қосу үшін Coolselect Zone (суықтығын таңдау аймағы) түймесін басыңыз. Суықтығын таңдау аймағының көрсеткіші () жанған соң, ет пен балықты сақтауға қоюға болады. Coolselect Zone түймесін қайта басыңыз, Coolselect Zone көрсеткіші () жанғанда, көкөністерді сақтауға қоюға болады.



Демалыс функциясы қосылып тұрғанда, суықтығын таңдау аймағының түймесі жұмыс істемейді.

Температураның дыбыс белгісі (Суықтығын таңдау аймағы бар үлгілер үшін ғана, RB37J5**9**, RB37J5**5**)

- Қуат көзі болмағандықтан мұздатқыш бөлімі тым жылынғанда, температура көрсеткіші жыпылықтап, дыбыс белгісі беріледі. Тоқтату үшін, Freezer (мұздату) немесе Fridge (тоңазыту) түймесін басыңыз.
- Бұл ескертулер келесі жағдайларда орын алуы мүмкін:
 - Тоңазытқыш қосылғанда.
 - Қуат көзі болмағандықтан мұздатқыш бөлімі тым жылынғанда.



- Су ыдыс және салқын таңдау аймағы (1) сияқты жабдықтары үлгіге байланысты, болмауы мүмкін.
- Жемістер немесе көкөністер Салқын аумақты таңдау немесе Салқын бөлікте мұздап қалады. (Қосымша)
- Үлкен мөлшердегі тағамды жылдам тоңазыту үшін, тағамды әсересе жылдам тоңазытатын ең төменгі тартпаны (2) қолданыңыз.

ҚОСЫМША СӨРЕ



Егер қосымша сөре жабдықталған болса, төменгі тартпадан (2) басқа тартпалардың барлығын алып, қосымша сөрені төменгі тартпаның үстіне қойыңыз.

Бұл терма немесе механикалық ерекшелектеріне әсер етпейді.


Мұздатқыш бөлімінің мәлімделген өлшемі қосымша сөре жабдықталған үлгілері үшін аталған бөлшектерін алып тастағандағы күйінде есептелген.



ЖЫЛЖЫМАЛЫ СӨРЕНІ ПАЙДАЛАНУ (ҚОСЫМША)

Бұл сөрені толығымен жинап тастауға болады, бұл оған көлемді азық-түліктерді қиналмай салуға мүмкіндік береді.

1. Сөрені көтеріңкіреңіз де итеріп жабыңыз.
2. Орнынан қозғалған сөрені пайдалану үшін осы әрекеттерді кері тәртіппен орындаңыз.




АБАЙЛАҢЫЗ

Сөре тоңазытқыштан құлап кетуі мүмкін, сондықтан оны пайдаланған және тазалаған кезде абай болыңыз.

МҰЗДАТҚЫШ БӨЛІМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Есік панеліндегі қатырылған тағам белгісі



Белгілердің үстіндегі суреттер тағамды неше ай сақтауға болатынын көрсетеді. Мұздатылған тағамдарды сатып алғанда, әзірлену немесе сатылу күнін қараңыз.

Тағамды мұздату

Бүлінбеген тағамдарды ғана қатырыңыз. Жаңа салынатын тағамдарды қатырылған тағамдардан алыс қойыңыз. Тағамдар иісін немесе ылғалдығын жоғалтпау үшін, бекітілетін ыдыстарға салыңыз.

Тағамды дұрыс орау:

1. Тағамды орап қойыңыз.
2. Ауасын шығарыңыз.
3. Орамын бекітіңіз.
4. Орамдардың күнін жапсырмалармен белгілеп қойыңыз.

Келесі материалдармен тағам орауға болмайды:

Орайтын қағаз, майға төзімді қағаз, целлофан, қолданылған дүкен пакеттері.

Келесі материалдармен тағам орауға қолдануға болады:

Жұқа пластик, үрленген полиэтилен, фольга және мұздатқыш қалай ыдыстар. Бұл материалдарды диллерден сатып алуға болады.

Келесі материалдармен тағам орамдарын бекітуге болады:

Резеңке белбеулер, пластик қысқыштар, жіптер, суыққа төзімді скотч немесе ұқсас материалдар. Дорбалар мен үрленген полиэтиленді пластик бектіпемен жабуға болады.

Мұздатылған тағамды сақтау мерзімі

Сақтау мерзімі тағамға байланысты.

Температура 18 °C реттелсе:

- Тауық еті (тұтас), жаңа сойылған ет (ет жапырақтары): 12 айға дейін
- Балық (майы ажыратылған, пісірілген), асшаяндар, теңіз өнімдері: 6 айға дейін
- Пицца, шұжық: 2 айға дейін

Сақтау мерзімі FDA веб-сайтынан алынған (<http://www.fda.gov/>).



- Көрсетілген мерзімнен асыру улануға себеп болады.

Қатты мұздатылған тағамдарды сатып алу және сақтау

Мұздатылған тағамдарды сатып алғанда келесі нәрселерге мән беріңіз:

- Орамы бүлінбегенін тексеріңіз.
- Сатылу мерзімін тексеріңіз.
- Супермаркет тоңазытқышының температурасы 18 °C немесе одан төмен болуы тиіс. Олай болмаса, тағамды сақтау мерзімі азайтылғаны.
- Мұздатылған тағамды енді сатып алуға болады. Тағамды газетке немесе салқындатқыш сөмкеге салып, үйге әкеліңіз.
- Үйде тағамды бірден мұздатқыш бөліміне қойыңыз. Мұздатылған тағамды көрсетілген мерзіміне дейін қолданыңыз.

Мұздатылған тағамды еріту.

Түріне және қолданысына байланысты келесі опциялардың бірін таңдаңыз:

- Бөлме температурасында.
- Тоңазытқышта.
- Электр плитада, ыстық ауаның желдеткішімен/желдеткішсіз
- Микротолқын пешінде.




Ери бастаған тағамды қайта мұздатуға болмайды.
Тағамды пісіргенше қайта мұздатуға болмайды (қайнату немесе қуыру керек).

Тоңазытылған тағамды ең ұзақ сақтау мерзімінен асыра сақтауға болмайды.

СУ ДИСПЕНСЕРІН ПАЙДАЛАНУ (ҚОСЫМША)

Су диспенсері арқылы тоңазытқыштың есігін ашпай, салқын су алуға болады.


- Ыдыс салғышты көтеріңіз (1).
- Су шұңғылын көтеріп, тартып алыңыз (2).
- Су шұңғылын алу үшін екі жағындағы ұстағышынан ұстаңыз.
- Бірінші рет қолданар алдында су шұңғылын тазалап алыңыз.



- Су шұңғылын орнықты жерге қойып, сумен толтырыңыз.
- 4,5 л су құйыңыз, егер бұл мөлшерден артық болса, қақпағы жабылғанда төгілуі мүмкін.
- Су ыдысын бірінші рет толтырғанда су тамшылап тұрса, ыдысқа қайта шамамен 500 мл су құйыңыз.
- Су шұңғылын тоңазытқыштың ішінде толтыру мүмкін емес.
- 1-әдіс
- Суды дөңгелек қақпағын жебе бағытымен жоғары көтеріп құйыңыз.




- 2-әдіс
- Суды үлкен қақпағын ашып, ұстап тұрып құйыңыз.



Су шұңғылын орнатқанда, шүмегін орнатуды ұмытпаңыз. Нәтижесінде су жылыстауы мүмкін.

- Су шұңғылын орналастырған соң, тоңазытқышты жабыңыз.
- Есікті диспенсер шүмегі сыртында қалатындай етіп жабыңыз.



АБАЙЛАҒЫЗ

Су шұңғылын тоңазытқыш есігіне мықтап бекітіңіз. Олай болмаса, су шұңғылы жұмыс істемейді. Тоңазытқышты су шұңғылыңыз қолданбаңыз. Олай болмаса, тиімділігі төмендеуі мүмкін.



АБАЙЛАҒЫЗ


Су шұңғылына минералды немесе сүзілген судан басқа сұйық құюға болмайды.

- Стаканды шүмектің астына қойыңыз да, диспенсер тұтқышын стаканмен басыңыз. Су ағып кетпес үшін, стаканды диспенсермен қатарластырып қойыңыз.




АБАЙЛАҒЫЗ

Бекіту құралын “АШУ” күйіне қоюды ұмытпаңыз. Су осы күйге қойылғанда ғана ағады.



ІШКІ БӨЛІКТЕРДІ АЛЫП ТАСТАУ



АБАЙЛАҒЫЗ


Орнатқанда, тоңазытқыш сөрелерін көрсетілген орындарына қойыңыз және төмен қаратып салмаңыз. Жарақат алуға немесе материалдық шығынға себеп болуы мүмкін.



Сөрелерді орнына қойғанда, "алды" деген белгісі бар жағын тоңазытқыштың алдыңғы жағына қаратып орнату қажет.

Сөрелер

Сөрелерді екі қолмен мұқият көтеріп, өзіңізге қарай тартыңыз. (Әйнек сөресі)




АБАЙЛАҒЫЗ

Сөрелерін төмен қаратып немесе теріс салмаңыз. Олай жасамасаңыз, құлап кету қаупі бар.


Есік қорғауыштары

Есік қорғауыштарын алып тастау үшін оны екі қолмен тік ұстап, баппен жоғары көтеріңіз.



Су ыдысы

Су ыдыстарын алып тастау үшін, ыдыс салғышты көтеріп, су ыдыстарын екі қолмен тік көтеріп, өзіңізге қарай тартып шығарып алыңыз.



Үлгіге байланысты, су диспенсері болмауы мүмкін.

Жәшіктер

Жәшіктерді алып тастау үшін жәшікті толығымен тартып, аздап жоғары көтеріңіз.



- Егер тартпалары есікке қысылып қалса, тартпаны көтеріп, сөрөнi шығарып алыңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАЛАУ



Тазалауға бензин, еріткіш немесе хлор қолданбаңыз.

Құрылғының бетін бүлдіруі мүмкін немесе өртке себеп болуы мүмкін.



Тоңазытқыш қосулы болғанда оған су бүрікпеңіз, бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін. Өрт қаупін тудыруы мүмкін болғандықтан, тоңазытқышты бензинмен, еріткішпен немесе автомобиль тазалау құралымен тазартуға болмайды.

1. Тоңазытқыштың қуат сымын ажыратыңыз.
2. Жұмсақ матаны немесе қағазды аздап сулап алыңыз.



Тоңазытқыш тазалағанда ешқандай жуғыш зат қолдануға болмайды, түсін кетіруі мүмкін немесе тоңазытқышты бүлдіреді.

3. Тоңазытқыштың іші-сыртын тазалап сүртіп, құрғатыңыз.
4. Тоңазытқыштың қуат сымын ажыратыңыз.



Су диспенсерінен су ақпаған жағдайда, су ыдысының үстінен төмен қарай абайлап басыңыз.



ЖАРЫҚ ДИОДЫ ШАМЫН АУЫСТЫРУ

Сыртқы және ішкі жарық диод шамы өшкен кезде, шам қақпағы мен жарық диод шамын өзіңізге алуға болмайды.



Қызмет көрсету қызметкерлеріне хабарласыңыз.

есіктің орнын ауыстыру (қосымша)

ЕСІКТІ АУДАРЫП САЛУ (ҚОСЫМША)

Тоңазытқыштың есігін аударып салмастан бұрын, тоңазытқышты ток көзінен ажыратыңыз. Samsung есікті аударып салуды тек қана Samsung құптаған қызмет көрсетушілердің іске асыруын талап етеді. Бұл жұмыс ақылы және тұтынушы өзі төлейді.









Есікті өздігінен аударып салуға әрекеттену барысында болған бұзылуларға өндіруші кепілдік бермейді.

Бұл жағдайға қатысты жөндеулердің құнын тұтынушы өзі төлейді.


1. Тоңазытқыштың есіктерін аударып салмас бұрын тоңазытқыштың ток көзінен ажыратылғанына және құрылғының іші барлық тағамнан босатылғанына көз жеткізіңіз.
2. Егер тұтынушы пайдалану нұсқаулықтарын орындау қолынан келетінінне сенімсіз болса, бұл өзгерісті енгізу үшін Samsung компаниясының білікті инженеріне хабарласу керек.
3. Есіктерін аударып салу аяқталған соң тоңазытқышты ток көзіне қоспай, кемінде бір сағат күтіңіз.

Қажетті құралдар

Ұсынылмаған		
		
Phillips басы үшкір бұрағыш (+)	Басы жалпақ бұрағыш (-)	11 мм кілт (топса білігіне арналған)
Ұсынылмаған	Қосымша бөлігі	
		
8 мм гайка кілті (болттарға арналған)	Топса жаппасы / Саптама қақпақшасы	

Тоңазытқыштың есігін ағыту

1. Есік қақпағының сымын алыңыз.



* RB37* үлгісі үшін ғана




2. Есік тығыздағышының қақпағын ағытыңыз.




* RB37* үлгісі үшін ғана




3. Ілгекті итеру үшін топсаның қақпағын төмендегі суреттерде көрсетілген тәрізді алыңыз.
 - Жалпақ ұшты бұранда бұрағышты салып, 1-ші суретте көрсетілген тәрізді қайта салыңыз.
 - 2-ші суретте көрсетілген тәрізді қақпақты көтеріп, ілгекті 3-ші суретте көрсетілген тәрізді итеріңіз. (Есік қақпағының сымын тым қатты басып зақым келтіріп алмау үшін абай болыңыз)
 - 4-ші суреттегі А-ны 5-ші суреттегі тәрізді қолмен итеріп ағытыңыз.



4. Тоңазытқыш есігіндегі қосылым сымын ағытыңыз. (Тек сыртқы дисплей бар үлгілерде ғана).




5. Бұрандаларды алыңыз. (Есікті ағытып жатқан кезде түсіріп алмау үшін абай болыңыз.)




6. Тоңазытқыштың есігін ортаңғы топсадан, есікті абайлап тіке жоғары көтеріп алыңыз.



 Есік ауыр, есікті ағыту барысында жарақат алмау үшін абай болыңыз.


7. Ортаңғы топсаны Phillips бұрағышын (+) пайдаланып бұрандаларды ағытып алыңыз.



 Мұздатқыштың есігі алға қарай құлап қалуы мүмкін, сондықтан есікті сүйемелдеп тұрыңыз.

8. Мұздатқыштың есігін астыңғы топсадан есікті абайлап тіке жоғары көтеріп алыңыз.




 АБАЙЛАҢЫЗ Есік ауыр, есікті ағыту барысында жарақат алмау үшін абай болыңыз.


9. Тұтқаларын солдан оңға ауыстырып салыңыз. Тоңазытқыш пен мұздатқыштың есігінің астыңғы оң жағындағы бұранданы алыңыз. Есіктің автоматты стопперін оңнан солға ауыстырыңыз. (Есіктің автоматты стопперін, бұрандаларының әрқайсысын)







10. Жалпақ жүзді бұранда бұрағышты (-) пайдаланып Тұтқаның қақпағы мен бұрандаларды алыңыз.



 Жалпақ жүзді (-) бұранда бұрағышпен қақпақты алып, тұтқаны және тұтқаның қақпағын орнатыңыз.


 **АБАЙЛАҢЫЗ** Қақпақты ағытып жатқанда сызат түсіріп алмау үшін абай болыңыз.

11. Қақпақты орнатыңыз.




12. Қақпақ бұрандасы мен қақпақтың орнын ауыстырыңыз. Жіңішке жалпақ бұранда бұрағышты пайдаланып суырып алыңыз.




 **АБАЙЛАҢЫЗ** Осы жұмысты орындап жатқанда жарақат алып қалмау үшін абай болыңыз.

13. Тоңазытқышты абайлап шалқасынан жатқызып қойыңыз. Тірегі (сағат тілінің бағытына қарсы бұрап алыңыз) мен астыңғы топсаны ағытыңыз.




 Тоңазытқышты қорғау үшін картонның үлкен бөлігін кесіп алып, тоңазытқыштың астына салыңыз.


14. Phillips бұрағышын (+) пайдаланып ортаңғы топсаны орнатыңыз. (Жуғышты ортаңғы топсаны орнатпай тұрып тігінен орнатыңыз.)



15. Астыңғы топса мен тіректің орнын ауыстырыңыз. (Оң -> Сол)
 Мұздатқыштың есігін ортаңғы топсаға салғаннан кейін астыңғы топсаны орнатыңыз.
- Автоматты түрде жабатын бағыттағышты және білікшенің топсасын ағытыңыз.
 - Білікшенің топсасы мен автоматты түрде жабатын бағыттағышты осы суреттегі тәрізді орнатыңыз.



16. Тығынды басқару құралын (1) суреттегі тәрізді қақпақты басқару құралынан алыңыз. Бұранданы алып, қақпақты басқару құралын (2) ағытыңыз, есік сымның (3) бағытын Тоңазытқыш есігінің (Дисплей тәрізді есікте ғана) қарама-қарсы жағына орнатыңыз. Қақпақты басқару құралы мен бұранданы (4) суретте көрсетілген тәрізді орнатыңыз.



17. Есік сымның бағытын суретте көрсетілген тәрізді қарсы жаққа орнатыңыз.



18. Үстіңгі топсаның білікшесін бөлек алу үшін 11 мм гайка кілтін қолданыңыз. Үстіңгі топсаны айналдырыңыз да, үстіңгі топсаның білікшесін қайта бекітіңіз.



19. Тесікті сәл кеңейту үшін үстіңгі топсаны салып, содан кейін тоңазытқыштың есігін орнату үшін үстіңгі топсаны алыңыз.




Орнату қадамдары

1. Тоңазытқыштың есігіне үстіңгі топсаны салыңыз.
2. Тоңазытқыштың есігіне ортаңғы топсаны орнатыңыз.
3. Үстіңгі топсаны корпусқа орнатыңыз.
4. Бұранданы бұраңыз.


20. Сымды жалғап, содан кейін қақпақты басқару құралын салыңыз.

Сымды қақпақ топсасына салыңыз, ақ жапсырма (1) суретте көрсетілген тәрізді тұруға тиіс.

Бекітішті (2) суретте көрсетілген тәрізді ағытпау үшін бүктеңіз.




* RB37* үлгісі үшін ғана




Сыртқы дисплей бар үлгілер үшін ғана.

21. Топсаның қақпағын топсаға сәйкес келтіріп орнатыңыз.



* RB37* үлгісі үшін ғана



22. Есік тығыздағышының қақпағын (қосымша бөлшек) артқы жаққа орнатыңыз.




* RB37* үлгісі үшін ғана




23. Есік қақпағының сымын тоңазытқыш есігінің үстіңгі жағына салып, содан кейін толығымен орнату үшін итеріңіз.


Есік сымының қақпағының артқы жағына орнатылуға тиіс сымның орналасуын тексеріңіз.



* RB37* үлгісі үшін ғана



24. Тығынды басқару құралын орнатыңыз.



25. Тоңазытқыш пен мұздатқыштың тығыздағыштарын ағытып, содан кейін оларды 180° градусқа айналдырғаннан кейін салыңыз. Есік тығыздағыштарының дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. Егер дұрыс салынбаса, құрылғының жұмысына әсер ететін шуыл не конденсат пайда болуы мүмкін.




26. Есіктердің дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.



Мұздатқыш есігін ауыстырып салғанда, мұздатқыш есігінің нығыздағышын және сол жақ ішкі нығыздағышты алыңыз (**A**). Содан кейін ішкі нығыздағышты оң жағына салыңыз (**B**).

Мұздатқыш есігінің нығыздағышын 180° айналдырып салыңыз.


(RB31F***B, RB29F***B үлгілері үшін ғана)



ақаулықтарын жою


МӘСЕЛЕ	ШЕШІМІ
Құрылғы мүлдем жұмыс істемейді немесе температура тым жоғары.	<ul style="list-style-type: none"> • Қуат ашасының дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. • Алдыңғы панеліндегі температура басқаруы дұрыс реттелген бе? • Құрылғыға күн көзі түсіп тұрған жоқ па, немесе жақын жерде жылу көзі бар ма? • Құрылғының арты қабырғаға тым жақын тұрған жоқ па?
Тоңазытқыштағы тағам қатып қалған.	<ul style="list-style-type: none"> • Дисплей тақтасындағы температура басқару жүйесі ең жоғары температураға қойылған ба? • Тұрған ортаның температурасы тым жылы ма?
Әдеттен тыс дыбыс шығады.	<ul style="list-style-type: none"> • Құрылғының тегіс және жазық жерде тұрғанын тексеріңіз. • Құрылғының арты қабырғаға тым жақын тұрған жоқ па? • Құрылғының артына немесе асыған бөтен зат құлап қалған жоқ па? • Дыбыс құрылғының компрессорынан келіп тұрған жоқ па? • Бұл дыбыс әр-түрлі жабдықтар қысқарғанда немесе кеңейгенде шығады.
Алдыңғы бұрышы мен қабырғалары жылы және конденсация үрдісі басталды.	<ul style="list-style-type: none"> • Ыстық өткізбейтін түтіктері конденсацияны болдырмау үшін алдыңғы бұрышында орнатылған. Ортаның температурасы жоғары болғанда, оның тиімділігі төмендеуі мүмкін. Бірақ, бұл қалыпты құбылыс. • Ауа райы ылғалды болғанда, ылғал ауа суық беткеймен қатынасып, конденсация құрылғының сыртынан да байқалады.
Құрылғыдан сұйық бүлкілі естіледі.	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл - құрылғының ішін салқындататын тоңазыту құралы.
Ішінен жаман исі шығады.	<ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқыштың ішінде бүлінген тағам жоқ па? • Иісі күшті тағамның (мысалы, балық) ауа кірмейтіндей етіп оралғанына көз жеткізіңіз. • Мұздатқышты уақытылы тазалаңыз және бүлінген немесе күдікті тағамды алып тастаңыз.
Қабырғасында мұз қабаты бар.	<ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқыш желдеткіші бекітіліп қалған жоқ па? • Тағамды ысырып, желдеткішті ашыңыз. • Есігі толық жабылған ба?
Ішкі қабырғалары және көкөністер ылғалданады.	<ul style="list-style-type: none"> • Құрамында су мөлшері көп тағам дұрыс жабылмай қойылған немесе есігі тым көп ашылған. • Тағамды жауып қойыңыз немесе бекітілетін ыдысқа салып қойыңыз.

Құрал диаграммасы




[OPTION TABLE]
9th Character at Model name

9th Character	CSZ	F-SWITCH	REMARK
C	0	0	A++ Model
D	X	X	A+ Model




This is applied to the model of which 9th character is "B"
(A+++ Model)

3050 2M A+++



3050 2M A++/A+



Сыртқы бөлме температурасындағы шектеулер

Бұл тоңазытқыш/мұздатқыш сипаттамалық тақтасында көрсетілген сыртқы температураларда жұмыс істеуге арналып жасалған.

Класс	Таңба	Сыртқы температура ауқымы (°C)
		IEC 62552 (ISO 15502)
Ұзартылған температура	SN	+10 бастап +32 дейін
Температура	N	+16 бастап +32 дейін
Субтропикалық	ST	+16 бастап +38 дейін
Тропикалық	T	+16 бастап +43 дейін



Ішкі температураға тоңазытқыш/мұздатқыштың орны, сыртқы температура және есіктің ашылу жиілігі сияқты факторлар әсер етуі мүмкін.
Температурасын осы факторларды ескере отырып реттеңіз.

Құрылғыны қоқысқа дұрыс тастау

(Қоқысқа тасталатын электр және электроника құрылғысы)

(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілеспе кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлаққабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

Kazakhstan



Samsung қоршаған ортаға қатысты міндеттері мен нақты өнімге қатысты заңнамалық міндеттерін, мысалы REACH туралы ақпаратты келесі сайттан қараңыз:

samsung.com/uk/aboutsamsung/samsungelectronics/corporatecitizenship/data_corner.html

SAMSUNG WORLD WIDE байланыс орталығына хабарласыңыз

Samsung өнімдеріне қатысты сұрақтарыңыз немесе айтатын пікіріңіз бар болса,

SAMSUNG тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.

36 Al-Farabi ave. , Block B (3-4)floor, Almaty, Kazakhstan

8-10-800-500-55-500(GSM: 7799, VIP care 7700)

www.samsung.com/support



DA68-02833R-22